**Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 ақпандағы N 187 Қаулысы

"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 желтоқсандағы Заңына сәйкес, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 ақпандағы N 187 қаулысымен бекітілген

**Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына өндірістік мақсаттар (қайта өңдеу) үшін олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер (бұдан әрі - кредит) бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау (бұдан әрі - субсидиялау) тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Субсидиялау ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарын дамытуды қолдау шарасы болып табылады және кредиттер бойынша сыйақы ретінде қарыз алушылардың банктерге төлейтін төлемдері сомасын ішінара арзандату үшін жүзеге асырылады.

3. Бюджеттік субсидиялау 006 "Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдау" бағдарламасының (бұдан әрі - бағдарлама) 107 "Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау " кіші бағдарламасы бойынша, 109 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу" бағдарламасы бойынша 2008 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат (бұдан әрі - қаражат) есебінен жүзеге асырылады.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.28* N 505 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

4. Осы Ережеде мынадай ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) банктер - уәкілетті орган ұсынған тізбеде көрсетілген екінші деңгейдегі банктер;

2) қатысушы банктер - бағдарламаны іске асыруға қатысатын екінші деңгейдегі банктер;

3) қарыз алушылар - ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары;

4) бағдарламаның әкімшісі - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

5) уәкілетті орган - қаржы нарығын реттеу және қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган;

6) анықтау - бағдарламаға қатысушы банктерді іріктеу және олардың арасында бағдарламада көзделген бюджеттік субсидияларды бөлу.

## 2. Бағдарламаның әкімшісі анықтайтын банктердің сыйақы (мүдде) ставкаларын субсидиялау тәртібі

5. Бағдарламаның әкімшісі банктер қарыз алушыларға беретін кредиттер бойынша субсидиялау үшін қаражатты мынадай кіші салалар (лоттар) бойынша бөледі:

1) ет өңдеу, құс етін өндіру және жұмыртқа шығару;

2) сүт өңдеу;

3) жеміс-жидектерді, көкөністерді қайта өңдеу және жеміс-көкөніс консервілерін, балалар тағамдарын жасау;

4) майлы дақылдарды қайта өңдеу және өсімдік майын шығару;

5) былғары шикізатын және жүн өңдеу;

6) дәнді дақылдарды қайта өңдеу, нан және нан-тоқаш өнімдерін өндіру;

7) ақ қант шығару.

6. Республикалық бюджеттен берілетін субсидиялау сомасы бағдарламаның әкімшісі қатысушы банктердің тізбесін бекіткен күннен бастап он екі айға дейін

мерзімге берілген кредит бойынша сыйақы (мүдде) ставкасының 80 пайызынан аспай құрайды, оның сомасы 200000000 (екі жүз миллион) теңгеден аспауы тиіс. Бұл ретте кредиттің пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігінің үлесі барлық қарыз алушылар үшін тең болуы тиіс.

7. Бағдарламаны іске асыруға қатысатын банктерді анықтауды жүргізу үшін бағдарламаның әкімшісі:

1) уәкілетті орган ұсынған тізбе бойынша осы Ережені қоса бере отырып, бағдарламаны іске асыруға қатысатын банктерді анықтау жүргізілетін күн мен орын туралы ақпаратты барлық банктерге жолдайды;

2) құрамында комиссияның төрағасы, мүшелері мен хатшысы бар комиссия құрады. Комиссияның сандық құрамы тақ сан және кемінде бес адамнан болуы тиіс.

8. Банк осы Ереженің қағидаларын түсіндіру туралы жазбаша сұрау салумен, бірақ өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей жүгінуге құқылы. Бағдарламаның әкімшісі сұрау салуды тіркеген сәттен бастап үш күн мерзімде оған жауап береді және сұрау салудың кімнен келіп түскенін көрсетпей, осындай түсіндіруді бағдарламаның әкімшісі осы Ережеге сәйкес шақыру жіберген барлық банктерге хабарлайды.

9. Бағдарламаның әкімшісі бағдарламаны іске асыруға қатысатын банктерді анықтауды мынадай өлшемдер бойынша жүзеге асырады:

1) қарыз алушыға берілетін кредит бойынша сыйақы (мүдде) ставкасының деңгейі жылдық 16 (он алты) пайыздан аспауы тиіс;

2) қарыз алушының және жобаның қысқаша сипаттамасын қамтитын қарыз алушылар өтінімдерінің қалыптасқан портфелінің болуы;

3) банктің ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарымен жұмыс істеу тәжірибесінің болуы;

4) республикалық және/немесе жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен бұрын алынған кредиттер бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы;

5) анықтау жүргізілетін күннің алдындағы соңғы үш ай ішінде уәкілетті органның пруденциялық нормативтерін сақтау;

6) уәкілетті орган белгілеген жарғылық және меншікті капиталдардың ең төменгі мөлшерінің лимиттерін сақтау;

7) филиалдық және/немесе корреспонденттік желінің болуы;

8) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің болмауы.

*Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.28* N 505 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

10. Банктің осы Ереженің 9-тармағының 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеру үшін бағдарламаның әкімшісі жазбаша сұрау салып

уәкілетті органға, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне және жергілікті әкімдіктерге жүгінеді.

11. Банктер қарыз алушыларға қойылатын мынадай талаптарды негізге ала отырып, оларды дербес анықтайды:

1) Қазақстан Республикасының резиденті;

2) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің болмауы, сондай-ақ банк бұрын берген кредиттер бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы;

3) негізделген бизнес-жобаның болуы;

4) өнеркәсіптік технология мен жабдықтарды пайдалану;

5) өндіруге ұсынылатын өнімді өткізу нарығының болуы және сыйымдылығы;

6) отандық тауар өндірушіден өндірістік мақсаттар үшін қажетті ауыл шаруашылығы шикізатын сатып алу.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы шикізатын ауылдық тауар өндірушілер кооперативтерінен сатып алатын қарыз алушылар басым құқықты пайдаланады.

Көрсетілген талаптарға сәйкес келмеу комиссияның банктің өтінімдер портфелінен қарыз алушыны алып тастауына негіз болуы мүмкін.

12. Анықтауға қатысуға ниет білдірген банктер, осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк басшысы немесе өтінімге қол қою құқығына тиісті түрде ресімделген сенімхаты бар тұлға қол қойған әрбір лот бойынша жеке өтінім ұсынады және банктің мөрімен бекітіледі.

13. Өтінімде міндетті түрде мыналар болуы тиіс:

1) банк туралы жалпы мәліметтер;

2) республикалық және/немесе жергілікті бюджеттерден бұрын алынған кредиттер бойынша берешектің болмауы туралы (бар болуы туралы) мәліметтер;

3) анықтау өткізілетін күннің алдындағы соңғы үш ай ішінде пруденциалдық нормативтерді сақтау туралы мәліметтер;

4) жарғылық және меншікті капиталдардың ең төменгі мөлшерінің лимиттерін сақтау туралы мәліметтер;

5) осы бағдарламаны іске асыру шеңберінде қарыз алушыға кредит беру кезінде өз пайдасына қарыз алушыдан алынатын сыйақының және өзге де соманың (сақтандыру, комиссиялық және т.б.) ең жоғары мөлшері туралы мәліметтер;

6) қарыз алушылармен жұмыс істеу тәжірибесі туралы мәліметтер;

7) қарыз алушылардың өтінім портфелі туралы мәлімет, бұл ретте қарыз алушылардың өтінім портфелі жаңадан берілетін кредиттерден құралуы тиіс;

8) банк өтінімде көрсетілуі қажет деп ұйғарған, жүргізілетін анықтауға қатысы бар өзге де мәліметтер.

14. Өтінімге оның ажырамас бөлігі ретінде мыналар қоса беріледі:

1) заңды тұлғаны (банкті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің

нотариалды куәландырылған көшірмесі;
2) банктік қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесі;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда, өтінімдер салынған конверттерді ашу күні алдындағы үш айдан аспайтын мерзімге салық берешегінің және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегінің жоқтығы немесе бар екендігі туралы тиісті салық органының белгіленген нысандағы бірінші басшының немесе қол қоюға құқығы бар тұлғаның қолы қойылып, осы салық органының мөрі басылған анықтамасының түпнұсқасы;
4) банктің төлем қабілеті бар екенін, таратуға жатпайтындығын, оның мүлкіне тыйым салынбағанын, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылмағанын растайтын банктің анықтамасы;
5) уәкілетті тұлғалардың қолдары қойылған және банктің мөрімен бекітілген банктің соңғы есепті күнгі бухгалтерлік теңгерімінің түпнұсқасы;
6) банк филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу туралы куәліктердің көшірмелері ;
7) қарыз алушының және қарыз алушыға қызмет көрсететін банктің бірінші басшылары қол қойған және қарыз алушы мен банктің мөрлерімен куәландырылған банк пен қарыз алушы арасындағы кредит алуға арналған алдын ала шарт;
8) ауыл шаруашылығы шикізатын сатып алуға арналған алдын ала шарт (өзі өндірген шикізатты пайдаланған жағдайда өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі туралы қарыз алушының анықтамасын қоса беру);
9) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз алушының қысқаша сипаттамасы;
10) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның қысқаша сипаттамасы;
11) осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз алушының және қарыз алушыға қызмет көрсететін банктің бірінші басшылары қол қойған және қарыз алушы мен банктің мөрлерімен куәландырылған кредит берудің және оны өтеудің алдын ала кестесі;
12) егер өтінімге банктің бірінші басшысының қолы қойылмаған жағдайда, өтінімге қол қою құқығына сенімхат;
13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда, өтінімдер салынған конверттерді ашу күні алдында үш айдан аспайтын мерзімге салық берешегінің және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегінің жоқтығы немесе бар екендігі туралы тиісті салық органының әрбір қарыз алушы бойынша белгіленген нысандағы бірінші басшының немесе қол қоюға құқығы бар тұлғаның қолы қойылып, осы салық

органының мөрі басылған анықтамасының түпнұсқасы;

14) осы Ереженің 27-тармағына сәйкес қатысушы банктер тізбесін бағдарламаның әкімшісі бекіткен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде қарыз алушылармен кредиттік келісімдер жасасу және қарыз алушыларға кредитті толық көлемде беру туралы банктің жазбаша міндеттемесі.

Қарыз алушының қысқаша сипаттамасы мен жобаның қысқаша сипаттамасына қарыз алушының бірінші басшысының қолы қойылады және оның мөрімен куәландырылады. Мәліметтерді қарыз алушыға қызмет көрсететін банктің филиалы растайды (банк филиалының бірінші басшысының қолы және мөрі). Қарыз алушының қысқаша сипаттамасының, жобаның қысқаша сипаттамасының, банк пен қарыз алушы арасындағы кредит алуға арналған алдын ала шарттың, кредит берудің және оны өтеудің алдын ала кестесінің, ауыл шаруашылығы шикізатын сатып алуға арналған алдын ала шарттардың, өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі туралы қарыз алушының анықтамаларының факстік көшірмелері немесе ксерокөшірмелері ұсынылған жағдайда, олар банк мөрінің түпнұсқасымен және банктің соған өкілеттік берілген тұлғасының қолымен куәландырылады.

15. Өтінім және қоса берілетін барлық құжаттар бір пакетке тігіліп, нөмірленуі тиіс, соңғы бетінің арт жағындағы жіптің ұшы " __ парақ тігілген және нөмірленген. Күні 20__жыл "___" ______ деген сөздер жазылған қағаз парақпен желімделіп, банктің лауазымды тұлғасының қолы қойылуы және банктің мөрімен бекітілуі тиіс. Конвертте тігілмеген, жеке құжаттардың болуына рұқсат етілмейді, мұндай құжаттарды комиссия қарамайды және банкке қайтарады.

16. Банк бір уақытта бірнеше лоттар бойынша өтінімдер ұсынған жағдайда, банк басқа конверттерге көрсетілген құжаттардың N___ "______ өңдеу" лоты бойынша конвертке салынғандығы туралы Банктің анықтамасын қоса бере отырып, осы Ереженің 14-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 12) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды конверттердің біріне салуға құқылы.

Банк бағдарламаны іске асыруға бір немесе бірнеше лоттар бойынша қатысады.

17. Өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімі бойынша конверттерді ашқан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасы жасалады, оған комиссия төрағасы, оның орынбасары, комиссия мүшелері және комиссия хатшысы қол қояды.

18. Өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі комиссия отырысы өткізілгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде, комиссия жеке отырысында өтінімдер берген банктердің анықтауға қатысуына рұқсат беру туралы мәселені шешеді.

19. Банк осы Ереженің 9-тармағының 4), 5), 6), 7) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес болған жағдайда комиссия осы банктің анықтауға қатысуына рұқсат беру туралы шешім қабылдайды, ол туралы комиссия отырысының хаттамасына тиісті жазба жасалады.

20. Банктердің анықтауға қатысуына рұқсат беру туралы шешім рұқсат беру туралы шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде хаттамамен рәсімделеді, оған комиссия төрағасы, оның орынбасары, комиссия мүшелері және комиссия хатшысы қол қояды.

21. Комиссия банктердің анықтауға қатысуына рұқсат беруі туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жеке отырысында банктердің өтінімдерін олардың толықтығы және осы Ереженің талаптарына сәйкестігі мәніне қарайды.

22. Осы Ереженің 9, 12, 13, 14, 15-тармақтарының талаптарына толығымен сәйкес келетін банктер комиссияның шешімімен қатысушы банктер болып белгіленеді.

23. Қаражат көлемін лоттар бойынша бөлуді комиссия қатысушы банктер қарыз алушыларға лоттар бойынша беруі тиіс кредиттер бойынша сыйақылардың сомасына тура тепе-тең түрде жүзеге асырады. Есеп айырысу кезінде өтінімде көрсетілген сыйақы сомасы қабылданады (осы Ережеге 1-қосымша, "Қарыз алушылардың өтінімдер портфелі туралы мәліметтер" деген 7-бөлім).

24. Кредиттер бойынша пайыз ставкасын субсидиялау үшін әрбір қатысушы банкке бөлінетін қаражат көлемінің үлесін осы лот бойынша қарыз алушыларға қатысушы банк беруге жататын кредиттер бойынша әрбір лот бойынша сыйақылардың сомасына тура үйлесімді түрде комиссия анықтайды. Есеп айырысу кезінде осы Ереженің 1-қосымшасының, "Қарыз алушылардың өтінімдер портфелі туралы мәліметтер" деген 7-бөлімде көрсетілген сыйақы сомасы қабылданады.

25. Қатысушы банктерді анықтау және олардың арасында субсидиялар сомасын бөлу туралы комиссияның шешімі комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді, онда қатысушы банктердің атауы, орналасқан жері және деректемелері, олардың негізінде қатысушы банктер анықталған өлшемдер, қатысушы банктерге берілетін субсидиялардың көлемі, қарыз алушылардың тізбесі, сондай-ақ өтінімдердің қабылданбау себептерін көрсете отырып, белгіленген талаптарға жауап бермейтін банктер мен қарыз алушылардың атауы көрсетіледі.

26. Комиссия отырысының хаттамасы отырыс өткізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ресімделеді, оған комиссия төрағасы, оның орынбасары, комиссия мүшелері және комиссия хатшысы қол қояды. Комиссия шешімі барлық қатысушы банктерге хабарланады.

27. Әрбір лот бөлінісінде бағдарламаны іске асыратын қатысушылар болып анықталған банктердің тізбесін қатысушы банктерді анықтау және олардың арасында субсидиялар сомасын бөлу жөніндегі комиссия отырысы болған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бағдарламаның әкімшісі бекітеді.

28. Анықтау қорытындылары бойынша бағдарламаның әкімшісі қатысушы банктердің тізбесін бекіткен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде банктер қарыз алушыларға кредиттер береді.

29. Қарыз алушыларға банктер кредиттер бергеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде бағдарламаның әкімшісі мен банктер арасында қаражат аудару тәртібі мен шарттарын, тараптардың жауапкершілігін, қарыз алушылардың тізбесін және өзге де шарттарды көздейтін субсидиялауға арналған шарттар жасалады.

30. Анықтауды жүргізу кезінде қаражат толық бөлінбей қалған жағдайда бағдарламаның әкімшісі анықтау жүргізілетін күн мен орынды бекіте отырып, қайта анықтау жүргізеді, бұл ретте бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ағымдағы жылы бюджеттік бағдарлама бойынша қатысуға іріктелген және іріктеу кезінде бекітілген қарыз алушылардың тізбесін және оларды субсидиялау сомасын өзгерткен банктерді қатысушы банктерді анықтауға қатысуға жібермеуі мүмкін.

31. Бір қарыз алушыға бір жыл ішінде осы Ережеге сәйкес ол бойынша банкке ( банктерге) субсидиялау жүзеге асырылатын бір ғана кредит беріле алады.

32. Кейіннен банктің есеп айырысу шотына аудару үшін бағдарламаның әкімшісіне қаражат бөлу заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Бағдарламаның әкімшісі осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаражатты республикалық бюджеттен банктің есептік шотына аударуға арналған банк берген өтінімдерді және осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті қарайды және оларды қарағаннан кейін 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк кредиті бойынша пайыздық сыйақының ставкасын субсидиялауға арналған ведомость пен төлем шоттарын қалыптастырады.

33. Банктерге субсидиялар төлеу үшін бағдарламаның әкімшісі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне екі данада төлем шоттарының тізілімін және төлем шоттарын ұсынады.

34. Осы Ереженің 6-тармағына сәйкес берілген кредит бойынша субсидияларды әкімші бүкіл кезеңде есептелген сыйақыны ескере отырып, қаржы жылы ішінде толық көлемде аванстық төлеммен аударады.

## 3. Қорытынды ережелер

35. Қарыз алушы банкке сыйақы (мүдде) төлеу жөніндегі міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатқан немесе қарыз алушы кредиттік шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін кредиттік келісімді бұзған жағдайда банк бес күнтізбелік күн ішінде бағдарламаның әкімшісін бұл туралы хабардар етуі және субсидиялардың пайдаланылмаған сомасын бюджетке қайтару жөнінде шаралар қабылдауы тиіс. Мұндай жағдайда бағдарламаның әкімшісіне көрсетілген жағдайлар басталғаны туралы белгілі болған сәттен бастап субсидиялау тоқтатылады.

36. Банктер субсидияларды төлеу үшін ұсынылатын құжаттардың дұрыстығы, субсидиялау ретінде алынған қаражаттың мақсатсыз пайдаланылғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапты болады.

37. Кредитті уақтылы және толық қайтару, кредит бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамағаны үшін қарыз алушылар банктердің алдында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапты болады.

38. Бағдарламаның әкімшісі өз құзыреті шегінде қаражаттың тиімді, нәтижелі және мақсатты пайдаланылуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапты болады.

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесіне

1-қосымша

*Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.28* N 505 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

**ӨТІНІМ**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің № N қаулысымен бекітілген Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесін қарап, оларды алу осымен куәландырылады,

________________________________________________________________________

(банктің атауы)

006 "Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдау" бюджеттік бағдарламасының 107 "Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау" кіші бағдарламасын, 109 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу" бағдарламасын ______________________________

________________________________________________________________________

(кіші саланың (лоттың) атауы)

лот бойынша іске асыруға қатысуға тілек білдіреді.

Осы өтінімде мыналар қамтылады:

**1. Бағдарламаны іске асыратын қатысушы туралы мәліметтер**

Толық атауы_______________________________________________________

Заңды мекен-жайы__________________________________________________

Іс жүзіндегі мекен-жайы, телефоны, факсы, электрондық мекен-жайы.____________

_____________________________________________________

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (нөмірі, күні, берілген

орны, берген орган)*

Лицензия, нөмірі, берілген күні және лицензия берген органның атауы*__________
____________________________________________________________

Бірінші басшының Т.А.Ә.________________________________________

*түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері ұсынылады.

**2. Бұрын республикалық және жергілікті бюджеттерден алынған кредиттер бойынша мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы (бар болуы туралы) мәліметтер**

а) мерзімі өткен берешек бар болған жағдайда толтырылады:

| Р/сN № | Кредит көзі (республикалық, жергілікті бюджет) | Алынған күні | Сомасы, млн. теңге | Кредит мақсаты | Шарт бойынша өтеу мерзімі | Мерзімі өткен берешектің сомасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

б) мерзімі өткен берешек жоқ болған жағдайда толтырылады:

Банктің республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен бұрын алған кредиттері бойынша берешегі жоқ.

**3. Іріктеу өткізілген күннің алдындағы соңғы үш ай ішінде қаржы нарығын реттеу және қадағалау жөніндегі мемлекеттік органның пруденциалдық нормативтерін сақтау туралы мәліметтер**

Бір қарыз алушыға қауіптің ең жоғары мөлшері ( )

Өтімділік коэффициенті ( )

Ашық валюталық ұстанымының лимиттері ( )

Банктің негізгі қаражатқа және басқа да қаржылық емес активтерге инвестициялары ең жоғары мөлшерінің коэффициенті ( )

**4. Жарғылық және меншікті капиталдардың ең төменгі мөлшерінің лимиттерін сақтау туралы мәліметтер**

Жарғылық капиталының мөлшері млн. теңге ( )

Меншікті капиталының мөлшері млн. теңге ( )

**5. Осы бағдарламаны іске асыру шеңберінде қарыз алушыға кредит беру кезінде өз пайдасына алынатын сыйақының ең жоғары мөлшері туралы мәліметтер**

Банктің қарыз алушыларға кредит беру кезіндегі сыйақы (мүдде) ставкасының ең жоғары мөлшері жылдық %.

**6. Қарыз алушылармен жұмыс істеу тәжірибесі туралы мәліметтер**

| Р/с N№ | Кәсіпорынның атауы | Мекен-жайы, телефоны | Негізгі қызмет түрі | Есеп-тік шот ашылған күні | Кредиттердің саны мен сомасы | Кредиттің пайыздық ставкасының сомасы | Кредиттер, пайыздар бойынша қайтарымдылығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

## 7. Қарыз алушылардың өтінімдер портфелі туралы мәліметтер

| Р/сN № | Заңды тұлғаның, кәсіпорынның толық атауы | Мекен-жайы | Негізгі қызмет түрі | Кредит мақсаты | Кредит сомасы, млн. теңге | Сыйақы сомасы**, теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Ескертпе:

* Әрбір кәсіпорын бойынша ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетіледі, барлық кредиттер, олардың сомасы және пайыздық ставкасы аударылады

** Бөлінетін субсидиялардың сомасы кестеде көрсетілген сомаға байланысты болғандықтан, сыйақы сомасы дәл есептелуі тиіс.

Қарыз алушының қысқаша сипаттамасы *

Жобаның қысқаша сипаттамасы *

Кредитті берудің және өтеудің алдын ала кестесі *

* әрбір қарыз алушы бойынша қоса беріледі

Бірінші басшы (Т.А.Ә)

(қолы)

М.О. (Күні)

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесіне

2-қосымша

## Қарыз алушының қысқаша сипаттамасы*

1. Толық атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны

2. Меншік нысаны

3. Заңды, іс жүзіндегі және электрондық мекен-жайы, телефондары, факсы

4. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, берген орган, N, күні мен берілген орны

5. Жарғылық капиталының мөлшері

6. Құрылтайшылар

7. Банктік деректемелері

8. Салықтық есепке алу үшін тіркеу орны, СТН N

9. Бірінші басшының Т.А.Ә., қызметтік және үй телефондары

10. Негізгі қызмет түрі
11. Жылдық айналымы, сомасы
12. Соңғы есепті күнгі пайдасы немесе шығыны, сомасы

13. Қызметкерлердің іс жүзіндегі саны
14. Бюджетке төленетін төлемдер, салықтар және басқа да алымдар бойынша берешегі (қай түрі бойынша және сомасы)

15. Кредиттер бойынша берешегі ( кімге және сомасы )

16. Болжамды өткізу нарықтары және олардың теңгемен сыйымдылығы

17. Пайдаланылатын жабдықтардың негізгі түрлері және олардың өнімділігі (ауысымында тонна, литр, дана)
18. Ауыл шаруашылығы шикізатын негізгі жеткізушілер (алдын ала Шарттар, анықтамалар және т. б. қоса берілсін)

(Өзі өндірген шикізатты пайдаланған жағдайда қарыз алушының өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі туралы анықтамасы қоса берілсін)
19. Кәсіпорынның өткен 2 жылдағы қызметі туралы ақпарат.

| Жылдар | Сатып алынған шикізат | | Өндірілген дайын өнім | | Қызметкерлер-дің саны |
|---|---|---|---|---|---|
| | ақшалай мәнде | заттай мәнде | ақшалай мәнде | заттай мәнде | |
| | | | | | |

Кәсіпорынның бірінші басшысы ________________________ (Т.А.Ә.)
(лауазымы) (қолы)
М.О. (күні)

_______________________________________________ туралы мәліметтер **
(кәсіпорынның атауы)
растаймын _________________________________ (лауазымы, Т.А.Ә., мөрі)
(қолы)

**Ескертпе:**
* Әрбір қарыз алушы бойынша жеке толтырылады

** Мәліметтер банктің немесе қарыз алушыға қызмет көрсетілетін оның филиалы басшысының қолымен және мөрімен куәландырылады

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесіне

3-қосымша

**Жобаның қысқаша сипаттамасы***

1. Кәсіпорынның атауы ______________________________________________
_______________________________________________________________________
2. Сомасы ______________________________________________________
3. Мерзімі ______________________________________________________
4. Сыйақы ставкасы ______________________________________________
5. Жобаның мақсаты______________________________________________
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________

| Р/с N № | Сатып алынатын ауыл шаруашылығы шикізатының атауы | Бағасы | Саны | Сомасы |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |

Жобаны іске асырудан жоспарланып отырған нәтижелер _______________
Кәсіпорын басшысы _________________________________________(Т.А.Ә.)
(лауазымы) (қолы)

М.О. (күні)

___________________________________________________туралы мәліметтер**
(кәсіпорынның атауы)
растаймын: __________________________________(лауазымы, Т.А.Ә., мөрі)
(қолы)

**Ескертпе:**

* Әрбір жоба бойынша жеке толтырылады

** Мәліметтер банктің басшысының немесе қарыз алушыға қызмет көрсетілетін оның филиалы қолымен және мөрімен куәландырылады

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын

толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесіне

4-қосымша

**Кредит берудің және өтеудің алдын ала кестесі**

| **Айы** | **Ай басында берілген кредит сомасы, теңге** | **Ай соңында өтелген кредит сомасы, теңге** | **Есептелген сыйақының жалпы сомасы, теңге** |
|---|---|---|---|
| Бірінші | | | |
| Екінші | | | |
| Үшінші | | | |
| Төртінші | | | |
| Бесінші | | | |
| Алтыншы | | | |
| Жетінші | | | |
| Сегізінші | | | |
| Тоғызыншы | | | |
| Оныншы | | | |
| Он бірінші | | | |
| Он екінші | | | |
| Барлығы | | | |

Банк филиалының бірінші басшысы ____________________________( Т.А.Ә.)

Күні М.О.

Қарыз алушының бірінші басшысы ________________________________(Т.А.О.)

Күні М.О.

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесіне

5-қосымша

*Ескерту. 5-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.28* N 505 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

**Банк Қарыз алушыларға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау үшін республикалық бюджеттен қаражат аударуға өтінім**

Күні 20_ ж._______ _________________

Осымен ________________________________________банкі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінен 20__ жылғы _______ __________ N____ субсидиялау шартына сәйкес республикалық бюджеттен 006 " Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдау" бағдарламасы 107 "Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау" кіші бағдарламасы бойынша, 109 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу" бағдарламасы бойынша ашылған банктің N _______ шотына _________________кезеңіне ___________теңге сомасында қаражат аударуды сұрайды.

*Банктің басшысы* ____________

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесіне

6-қосымша

**Банк кредитінің сыйақы ставкасын іс жүзінде есептеу мен өтеу туралы есеп және 20__жылдың___ тоқсанына арналған өтінім**

| Р/сN | А/ш өнімін қайта өңдеу кәсіпорнының атауы (қарыз алушы) | Барлық көзделген субсидиялар, теңге | Есепті кезеңдегі барлық аударылған субсидиялар теңге | | Іс жүзінде есептелген субсидиялар, теңге | | Ауытқуы (+,-) (+) артық төленгені, (-) кемі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | барлығы | оның ішінде есепті кезеңде | барлығы | оның ішінде есепті кезеңде | 3-бағ.-5-бағ. |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Қарыз алушы-ға іс жүзін-де есептел-ген* сыйақы, теңге | | Қарыз алушы төлеген сыйақы, теңге | | 20 жылдың тоқсанына банктің өтінімі, теңге | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жалпы сомасы | | қарыз алушының өтегені | |
| бар-лығы | оның ішінде есепті кезеңде | бар-лығы | оның ішінде есепті кезеңде | % | сомасы | % | сомасы |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| бюджеттен субсидия-ланғаны ** | |
|---|---|
| % | сомасы |
| 17 | 18 |
| | |

Ескертпе:

* Ауылшармині субсидияларының сомасын есептемегенде

** 7-бағ. бойынша ауытқу сомасын ескере отырып

Банктің басшысы ____________________ _________________

МО қолы

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесіне

7-қосымша

*Ескерту. 7-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.28* N 505 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 2-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

"Бекітемін"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы

вице-министрі

20_ жылғы " " _____ N___

**20_жылғы N__субсидиялау шартына сәйкес 006 "Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдау" бюджеттік бағдарламасының 107 "Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер**

**бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау" кіші бағдарламасы бойынша , 109 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу" бағдарламасы бойынша банк кредиті бойынша сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау үшін ведомость**

| Банктің атауы | Субсидиялауға арналған шарттың нөмірі мен жасалған күні | Кредит беру шарты | | | ҚР АШМ субсидияларының іс жүзінде аударылғаны сомасы | Қалдықтың барлығы (5-бағ.-6-бағ.) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кредит сомасы | сыйақы ставкасын өтеудің жылдық сомасы | ҚР АШМ субсидиялайтын жылдық сома | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

кестенің жалғасы

| 20 жылдың тоқсанына банктің өтінімі | | | Субсидиялау | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жалпы сомасы | қарыз алушының өтегені | бюджеттен субсидияланғаны | | | |
| | сомасы | сомасы | өткен кезеңдерде есептелгені | банк өтінімін ескере отырып, есептелгендердің жиыны (10-бағ.+11-бағ.) | аударуға жататыны (12-бағ.-6-бағ.) |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | |

Жауапты департаменттердің директорлары (қолы) ______________

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК